

"Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру ережесін бекіту туралы

Kүшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 146 шешімі. Қызылорда облыстық Әділет департаментінде 2009 жылды 16 сәуірде N 4225 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 06 желтоқсандағы N 63 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2012.12.06 N 63 шешімімен.

Р Қ А О е ск е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ Е ТЕДІ:

1. Қоса берілген "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

Ескерту. Атауы мен 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.06.26 N 162 шешімімен.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>XV сессиясының төрағасы</i> <i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Қызылорда облыстық</i> <i>2009 жылғы 26</i>	<i>облыстық</i> <i>2009 жылғы 26</i>
	<i>I. Баймұханов</i> <i>H. Құдайбергенов</i>	<i>мәслихатының</i> <i>мәусымдағы</i>
N 162 шешіміне қосымша		

"Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру ережесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.06.26 N 162 шешімімен.

1. "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру - қоғамдық өмірдің салаларын дамытуға ерекше еңбек сінірген мемлекет және

қоғам, ғылым, мәдениет және әдебиет, өнер қайраткерлерін еліміздің, облыстың (қаланың, ауданың) игілігі жолындағы көп жылғы қызметін мадақтаудың бір түрі

б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. "Облыстың (қаланың, ауданың) құрметті азаматы" атағы (бұдан әрі - атақ) Қазақстан Республикасының, облыстың (қаланың, ауданың) экономикалық-әлеуметтік, мәдени-рухани, өнер, ғылым салаларының дамуына, қайырымдылық жасау қызметінде үлгі көрсетіп, азаматтар мен жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге, бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық келісім мен татулықты нығайтуға қосқан қомақты үлесі мен ерекше жетістіктер үшін облыс (қала, аудан) әкімінің ұсынысы бойынша облыстық (қалалық, аудандық) мәслихат шешімімен беріледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.12.25 N 196 шешімімен.

3. Атақ облыс (қала, аудан) аумағында тұрмайтын азаматтарға да берілуі мүмкін.

3-1. "Облыстың құрметті азаматы" атану тиісінше аудандардың және Қызылорда қаласының құрметті азаматы болумен барабар. Сондықтан, "Облыстың құрметті азаматы" атағын алған адам аудандардың, Қызылорда қаласының құрметті атағына ұсынылған кезде осы жағдайлар ескеріледі.

Ескерту. Шешім 3-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.12.25 N 196 шешімімен.

4. Құрметті атаққа ие болған адамға куәлік, төсбелгі беріледі және оның есімі облыстық (қалалық, аудандық) тарихи-өлкетану мұражайында сақталатын "Облыстың (қаланың, ауданың) құрметті азаматтары" кітабында енгізіледі.

5. Куәлікті, төсбелгіні, "Облыстың (қаланың, ауданың) құрметті азаматтары" кітабын жобалау және жасап шығару облыс (қала, аудан) әкімінің жанындағы марапаттау комиссиясына жүктеледі.

6. Атаққа кандидатураларды меншік нысанына қарамастан тиісті орган, мекеме, кесіпорын, ұйым, бірлестік, серіктестіктер ұсына алады. Келген ұсынымдар облыс әкімінің жанындағы марапаттау комиссиясының қарауына жолданады.

7. Облыс (қала, аудан) әкімінің жанындағы марапаттау комиссиясының қарауына атаққа ұсынылған кандитураға мінездеме беріледі. Онда өндірістік, шығармашылық, қайырымдылық жұмыстардағы нақты сіңірген еңбегі, жұмысының тиімділігі мен сапасы туралы мәліметтер, наградалары көрсетіледі.

8. Атаққа ұсынылған кандидатураларға ұсыныс пен мінездеме, 3x4 және 6x9 көлемдегі екі сурет алдын ала қарау үшін облыс (қала, аудан) әкімінің жанындағы комиссияға тапсырылады.

9. Облыс (қала, аудан) әкімінің жанындағы марапаттау комиссиясының

қорытындысын ескере отырып, облыс (қала, аудан) әкімі кандидатураны облыстық (қалалық, аудандық) мәслихатқа ұсынады.

10. Куәлікті және төсбелгіні облыс (қала, аудан) әкімі, облыстық (қалалық, аудандық) мәслихаттың хатшысы салтанатты жағдайда бүқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен тапсырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК